

Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органы қызметкері антының мәтінін және оны қабылдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 319 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында және республикалық  
баспасөзде жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 28.12.2023 № 423 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органы қызметкері антының мәтіні;
- 2) Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органы қызметкерінің ант қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

*Н. НАЗАРБАЕВ*

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2012 жылғы 7 мамырдағы  
№ 319 Жарлығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органы қызметкерінің  
АНТЫ**

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органына қызметке кіре отырып, қоғам мен мемлекет тараپынан ерекше сенімді, Қазақстан Республикасының егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігін қорғау ісіндегі өзімнің жоғары жауапкершілігіндегі сезіне отырып:

Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне адал болуға;  
Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға;  
өзімнің барлық іс-қимылдарымда заңдылық қағидаттарын сақтауға;  
азаматтардың құқықтары мен бостандығын, мемлекет мүдделерін қорғауға;

маған жүктелген міндеттерді адал орындауға, мемлекеттік және қызметтік құпияларды сақтауға;

арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің атағын қадірлеуге салтанатты түрде ант етемін.

Егер мен қабылдаған антымды бұзсам, онда Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылық алуға дайынмын.

20\_жылғы "\_\_\_"

(қолы)

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2012 жылғы 7 мамырдағы

№ 319 Жарлығымен

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерінің ант қабылдау ҚАҒИДАЛАРЫ**

1. Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Занының 13-бабының 2-тармағына сәйкес:

1) бұрын әскери ант немесе Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерінің антын қабылдамаған, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына қызметке қабылданған адамдар алғашқы арнаулы атақ берілген күннен бастап екі айдан кешіктірмей;

2) бұрын әскери ант немесе Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерінің антын қабылдамаған әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары, тыңдаушылары Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының мэртебесі берілген күннен бастап екі айдан кешіктірмей;

3) бұған дейін қандай да бір себептер бойынша әскери ант немесе Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерінің антын қабылдамаған арнаулы Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының лауазымды адамдары ант қабылдайды.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 05.07.2022 № 955;  
28.12.2023 № 423 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)  
Жарлықтарымен.**

2. Ант қабылдау салтанатын откізу күні, уақыты мен орны арнаулы мемлекеттік органдарының уәкілетті басшысының немесе оны алмастыратын адамның тиісті бүйрығында көрсетіледі.

3. Ант арнаулы мемлекеттік органдарының уәкілетті басшысының немесе оны алмастыратын адамның басшылығымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен және Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының рәміздерімен безендірілген орындарда салтанатты жағдайда қабылданады.

4. Ант қабылдау салтанатына мемлекеттік органдардың, ардагерлер үйымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылуы мүмкін.

5. Ант қабылдайтын қызметкерлер, сондай-ақ ант қабылдау салтанатына қатысатын жеке құрам салтанатты киім нысанын киюі тиіс.

6. Ант қабылдауға келген қызметкерлер белгіленген уақытта арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы белгілеген тәртіппен және ант қабылдау үшін бөлінген орынға сапқа тұрады.

7. Ант қабылдау салтанаты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтерумен басталады.

8. Арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті басшысы немесе оны алмастыратын адам анттың мағынасын және Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органы қызметкерінің жоғары жауапкершілігін қысқаша түсіндіреді.

Уәкілетті басшы немесе оны алмастыратын адам сөз сөйлеп болған соң қызметкерлерден ант қабылдауды бастайды.

Ант қабылдауға келген қызметкерлердің саны көп болған жағдайда 10-15 адамнан бірнеше топ құрылады, олардың әрқайсысына әдетте арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті басшысы орынбасарларының арасынан ант қабылдауға жауапты адам тағайындалады. Жауапты адамдар арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті басшысының немесе оны алмастыратын адамның командасы бойынша қызметкерлерден ант қабылдауға кіріседі.

9. Ант қабылдауға келген қызметкер саптан шығады, ант мәтінін айтады немесе дауыстап оқиды және оған қол қояды, содан кейін сапқа қайта тұрады.

Мемлекеттік тілде және орыс тілінде тиісінше ресімделген және жазылған ант мәтіні ант қабылдайтын адамның таңдауы бойынша осы тілдердің бірінде айтылады.

10. Арнаулы мемлекеттік органның уәкілетті басшысы немесе оны алмастыратын адам ант қабылдауға келген қызметкерлерді құттықтайды, сондай-ақ ант қабылдау салтанатына қатысуышылар да оларды құттықтай алады.

11. Акт қабылдау салтанаты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнің орындалуымен аяқталады.

12. Қызметкер қолын қойған ант мәтіні бар бланк оның жеке ісіне қосып тігіледі.

Қызметкердің қызметтік тізіміне "Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органы қызметкерінің антын қабылдады (жылы, күні, айы)" белгі қойылады.

13. Арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің уақтылы ант қабылдау жауапкершілігі, оны қабылдауды үйымдастыру және есепке алу Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының бөлімшелері басшылары мен кадр аппараттарына жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК